

Р.Б. СҮЛЕЙМЕНОВ АТЫНДАҒЫ ШЫҒЫСТАНУ ИНСТИТУТЫ  
ИНСТИТУТ ВОСТОКОВЕДЕНИЯ ИМЕНИ Р.Б. СҮЛЕЙМЕНОВА  
R.B. SULEIMENOV INSTITUTE OF ORIENTAL STUDIES



# ҚАЗАҚСТАН ШЫҒЫСТАНУЫ



№ 2, ТОМ 10, 2024

Р.Б. СҮЛЕЙМЕНОВ АТЫНДАҒЫ ШЫҒЫСТАНУ ИНСТИТУТЫ

ҚАЗАҚСТАН  
ШЫҒЫСТАНУЫ  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ  
№ 2, ТОМ 10, 2024

ИНСТИТУТ ВОСТОКОВЕДЕНИЯ ИМЕНИ Р.Б. СУЛЕЙМЕНОВА

КАЗАХСТАНСКОЕ  
ВОСТОКОВЕДЕНИЕ  
НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
№ 2, ТОМ 10, 2024

**R.B. SULEIMENOV INSTITUTE OF ORIENTAL STUDIES**

**KAZAKHSTAN ORIENTAL  
STUDIES**

SCIENTIFIC JOURNAL

№ 2, VOL 10, 2024

**Ғылыми журнал**

**Журнал 2022 жылдан  
бері шығады**

**Құрылтайшы және  
баспагер:**

Р.Б. Сүлейменов  
атындағы Шығыстану  
институты

**Редакция мен  
баспагер мекен  
жайы:**

Заңды мекен жайы:  
Қазақстан, Алматы қ.,  
Шевченко к-сі 28,  
050010

Нақты мекен жайы:  
Қазақстан, Алматы қ.,  
Құрманғазы к-сі 29,  
050010

**Журнал Қазақстан  
Республикасы  
Ақпарат және  
қоғамдық даму  
министрлігінде 2021  
жылдың 16  
тамызында  
тіркелген, куәлік  
№KZ54VPY00039118**

**«ҚАЗАҚСТАН ШЫҒЫСТАНУЫ»  
№ 2, ТОМ 10, 2024**

**Бас редактор:**

**Мәсімханұлы Дүкен,** филология  
ғылымдарының докторы, профессор, Р.Б. Сүлейменов  
атындағы Шығыстану институтының бас директоры  
(Алматы, Қазақстан)

**Ғылыми редактор:**

**Байдаров Еркін Ұланұлы,** философия  
ғылымдарының кандидаты, доцент, Р.Б. Сүлейменов  
атындағы Шығыстану институтының жетекші ғылыми  
қызметкері, (Алматы, Қазақстан)

**Жауапты редактор:**

**Белгожа Ернұр Қуатұлы,** тарих  
ғылымдарының кандидаты, Р.Б. Сүлейменов атындағы  
Шығыстану институтының ғалым-хатшысы (Алматы,  
Қазақстан)

**Научный журнал**  
**Журнал издается с**  
**2022 года**

**Учредитель и**  
**издатель:**

Институт  
востоковедения  
имени Р.Б.  
Сулейменова

**Адрес редакции и**  
**учредителя:**

Юридический адрес:  
Казахстан г.  
Алматы, ул.  
Шевченко 28,  
050010

Фактический адрес:  
Казахстан, г.  
Алматы, ул.  
Курмангазы 29,  
050010

**Журнал**  
**зарегистрирован в**  
**Министерстве**  
**информации и**  
**общественного**  
**развития**  
**Республики**  
**Казахстан от 16**  
**августа 2021 года,**

**«КАЗАХСТАНСКОЕ**  
**ВОСТОКОВЕДЕНИЕ»**  
**№ 2, ТОМ 10, 2024**

**Главный редактор:**

**Масимханулы Дукен,** доктор  
филологических наук, генеральный директор  
Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова  
(Алматы, Казахстан)

**Научный редактор:**

**Байдаров Еркин Уланович,** кандидат  
философских наук, доцент, ведущий научный  
сотрудник Института востоковедения имени Р.Б.  
Сулейменова (Алматы, Казахстан)

**Ответственный редактор:**

**Белгожа Ернур Куатулы,** кандидат  
исторических наук, ученый-секретарь Института  
востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Алматы,  
Казахстан)

**Scientific journal**

**The journal has  
been published since  
2022**

**Founder and  
publisher:**

R.B. Suleimenov  
Institute of Oriental  
Studies

**Editorial office and  
founder address:**

Legal address:  
Kazakhstan Almaty,  
st. Shevchenko 28,  
050010

Actual address:  
Kazakhstan, Almaty,  
st. Kurmangazy 29,  
050010

**The journal was  
registered with the  
Ministry of  
Information and  
Public Development  
of the Republic of  
Kazakhstan on  
August 16, 2021,  
certificate no.  
KZ54VPY00039118**

**«KAZAKHSTAN ORIENTAL STUDIES»  
№ 2, VOL 10, 2024**

**Chief Editor:**

**Duken Masimkhanuly**, Doctor of Philology, General  
Director of the R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies  
(Almaty, Kazakhstan)

**Scientific editor:**

**Yerkin Baidarov**, Candidate of Philosophical  
Sciences, Associate Professor, Leading Researcher at the  
R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Almaty,  
Kazakhstan)

**Responsible editor:**

**Yernur Belgozha**, Candidate of Historical Sciences,  
Scientific Secretary of the R.B. Suleimenov Institute of  
Oriental Studies (Almaty, Kazakhstan)

**Редакциялық алқа:**

**Бас редактор:**

*Мәсімханұлы Дүкен*, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының бас директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор (Алматы, Қазақстан)

**Ғылыми редактор:**

*Байдаров Еркін Ұланұлы*, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының жетекші ғылыми қызметкері, философия ғылымдарының кандидаты, доцент (Алматы, Қазақстан)

**Жауапты редактор:**

*Белғожа Ернұр Қуатұлы*, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының ғалым хатшысы, тарих ғылымдарының кандидаты (Алматы, Қазақстан)

**Техникалық редактор:**

*Тұрлығожаева Алтынгүл Дүйсенқызы*, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының қоғаммен байланыс жөніндегі маманы (Алматы, Қазақстан)

**Редакция алқасының мүшелері:**

*Әбусейітова Меруерт Қуатқызы*, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты Республикалық тарихи материалдарды зерттеу ақпараттық орталығының директоры, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Алматы, Қазақстан)

*Каримова Рисалат-Биби Усмановна*, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының Ұйғыртану орталығының жетекшісі, тарих ғылымдарының докторы, доцент (Алматы, Қазақстан)

*Ким Герман Николаевич*, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Азия зерттеулер институтының директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Алматы, Қазақстан)

*Мұқаметханұлы Нәбижан*, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Қазіргі заманғы Қытайды зерттеу орталығының директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Алматы, Қазақстан)

*Кожирова Светлана Басиевна*, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының бас ғылыми қызметкері, «Астана» халықаралық ғылыми кешенінің Қытай және Азия зерттеулер орталығының жетекшісі, саяси ғылымдарының докторы, профессор (Алматы, Қазақстан)

*Дүйсен Ғалымжан Мұстахимұлы*, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты бас директорының ғылым жөніндегі орынбасары, экономика ғылымдарының докторы, доцент (Алматы, Қазақстан)

*Томохико Уяма*, Хоккайдо университетінің Славян зерттеулер орталығының профессоры, PhD (Саппоро, Жапония)

*Чэн Ян*, Шанхай жаһандық басқару және аймақтық зерттеулер академиясының атқарушы президенті, Шанхай халықаралық зерттеулер университетінің профессоры, PhD (Шанхай, Қытай)

*Ли Джу-Юн*, Торонто университетінің профессоры, PhD (Торонто, Канада)

*Зия-Ул-Хак Мухамед*, Исламабад халықаралық ислам университетінің Исламтану институтының бас директоры, профессор (Исламабад, Пәкістан)

*Атабаки Тоурадж*, Нидерланды Корольдігі Өнер және ғылым академиясының Халықаралық әлеуметтік тарих институтының профессоры, PhD, (Амстердам, Нидерланды)

*Батырхан Болатбек Шәденұлы*, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының жетекші ғылыми қызметкері, PhD (Алматы, Қазақстан)

*Николаева Камила Сергеевна*, Ташкент мемлекеттік шығыстану университеті, Қытай тарихы, мәдениет, саясат және экономика кафедрасының меңгерушісі, саясаттану ғылымдарының кандидаты (Ташкент, Өзбекстан)



**Масабаев Қанат Ізімұлы**, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты бас директорының стратегиялық даму және халықаралық байланыстар жөніндегі орынбасары (Алматы, Қазақстан)

**Әмірбекова Сағыныш Көпеновна**, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының докторантура мен магистратура бойынша ғалым хатшы (Алматы, Қазақстан)

**Редакционная коллегия:**

**Главный редактор:**

*Масимханулы Дукен*, Генеральный директор Института востоковедения им. Р.Б. Сулейменова, доктор филологических наук, профессор (Алматы, Казахстан)

**Научный редактор:**

*Байдаров Еркин Уланович*, ведущий научный сотрудник Института востоковедения им. Р.Б. Сулейменова, кандидат философских наук, доцент (Алматы, Казахстан)

**Ответственный редактор:**

*Белгожа Ернур Куатулы*, ученый секретарь Института востоковедения им. Р.Б. Сулейменова, кандидат исторических наук (Алматы, Казахстан)

**Технический редактор:**

*Турлыгожаева Алтынгуль Дуйсеновна*, специалист по связям с общественностью Института востоковедения им. Р.Б. Сулейменова (Алматы, Казахстан)

**Члены редколлегии:**

*Абусейтова Меруерт Хуатовна*, директор Республиканского информационного центра по изучению исторических материалов при Институте востоковедения им. Р.Б. Сулейменова, доктор исторических наук, профессор, член-корреспондент НАН РК (Алматы, Казахстан)

*Каримова Рисалат-Биби Усмановна*, руководитель Центра уйгуроведения Института востоковедения им. Р.Б. Сулейменова, доктор исторических наук, доцент (Алматы, Казахстан)

*Ким Герман Николаевич*, директор Института азиатских исследований КазНУ им. Аль-Фараби, доктор исторических наук, профессор (Алматы, Казахстан)

*Набижан Мукаметханулы*, директор Центра исследований современного Китая КазНУ им. Аль-Фараби, доктор исторических наук, профессор (Алматы, Казахстан)

*Кожирова Светлана Басиевна*, главный научный сотрудник Института востоковедения им. Р.Б. Сулейменова, руководитель Центра Китайских и Азиатских исследований Международного научного комплекса Астана, доктор политических наук, профессор (Алматы, Казахстан)

*Дуйсен Галымжан Мустахимулы*, заместитель генерального директора по науке Института востоковедения им. Р.Б. Сулейменова, доктор экономических наук, доцент (Алматы, Казахстан)

*Томохико Уяма*, профессор Центра славянских исследований при Университете Хоккайдо, PhD (Саппоро, Япония)

*Чэн Ян*, PhD, профессор, Исполнительный президент Шанхайской академии глобального управления и региональных исследований Шанхайского университета международных исследований (Шанхай, Китай)

*Ли Джун-Юн*, PhD, профессор Университета Торонто (Торонто, Канада)

*Зия-Ул-Хак Мухамед*, Генеральный директор Института исламских исследований Международного исламского университета, профессор (Исламабад, Пакистан)

*Атабаки Тоурадж*, PhD, профессор Международного института социальной истории Королевской академии искусств и наук Нидерландов (Амстердам, Нидерланды)

*Батырхан Болатбек Шәденулы*, ведущий научный сотрудник Института востоковедения им. Р.Б. Сулейменова, PhD (Алматы, Казахстан)

*Николаева Камила Сергеевна*, Ташкентский государственный университет востоковедения, заведующая кафедрой Истории, культуры, политики и экономики Китая, кандидат политических наук (Ташкент, Узбекистан)

*Масабаев Канат Изимович*, заместитель генерального директора по стратегическому развитию и международным связям Института востоковедения им. Р.Б. Сулейменова (Алматы, Казахстан)

*Амирбекова Сагынш Копеновна*, ученый секретарь по докторантуре и магистратуре Института востоковедения им. Р.Б. Сулейменова (Алматы, Казахстан)

**Editorial Board:**

**Editor-in-Chief:**

**Masimkhanuly Duken**, General Director of R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Doctor of Philology, Professor (Almaty, Kazakhstan)

**Science Editor:**

**Baidarov Yerkin**, Leading Researcher of R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Candidate of Philosophical Sciences, Associate Professor (Almaty, Kazakhstan)

**Responsible editor:**

**Belgozha Yernur**, Scientific Secretary of the R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Candidate of Historical Sciences (Almaty, Kazakhstan)

**Technical editor:**

**Turlygozhayeva Altyngul**, Public Relations Specialist at the R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Almaty, Kazakhstan)

**Members of the Editorial Board:**

**Abuseitova Meruert**, Director of the Republican Information Center for the Study of Historical Materials of the R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan (Almaty, Kazakhstan)

**Karimova Risalat-Bibi**, Head of the Uighur Studies Center of the R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Doctor of Historical Sciences, Associate Professor (Almaty, Kazakhstan)

**Kim German**, Director of the Institute of Asian Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Doctor of Historical Sciences, Professor (Almaty, Kazakhstan)

**Nabizhan Mukhametkhanuly**, Director of the Center for Studies of Modern China of Al-Farabi Kazakh National University, Doctor of Historical Sciences, Professor (Almaty, Kazakhstan)

**Kozhirova Svetlana**, Chief researcher of the Institute of the R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Head of the Center for Chinese and Asian Studies of the International Scientific Complex Astana, Doctor of Political Sciences, Professor (Almaty, Kazakhstan)

**Duisen Galymzhan**, Deputy Director General for Science of the R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Doctor of Economics, Associate Professor (Almaty, Kazakhstan)

**Tomohiko Uyama**, Professor of the Slavic-Eurasian Research Center at Hokkaido University, PhD (Sapporo, Japan)

**Cheng Yang**, Executive President в Shanghai Academy of Global Governance and Area Studies, Shanghai International Studies University, PhD, Professor (Shanghai, China)

**Lee Joo-Yup**, Professor of the University of Toronto, PhD (Toronto, Canada)

**Zia-Ul-Haq Mohammed**, General Director of the Institute of Islamic Studies of the International Islamic University, Professor (Islamabad, Pakistan)

**Atabaki Touraj**, Professor at the International Institute for Social History of the Royal Academy of Arts and Sciences of the Netherlands, PhD (Amsterdam, the Netherlands)

**Batyrkhan Bolatbek**, Leading researcher of the R. B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, PhD, (Almaty, Kazakhstan)

**Nikolaeva Kamilla**, Head of the Department of Chinese History, Culture, Politics and Economics of the Tashkent State University of Oriental Studies, Candidate of Political Sciences (Tashkent, Uzbekistan)

**Masabaev Kanat**, Deputy Director for Strategic Development and International Relations of the R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Almaty, Kazakhstan)

**Amirbekova Sagynysh**, Academic Secretary for Master's and Doctoral Studies, R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, (Almaty, Kazakhstan)

**МАЗМҰНЫ**

**Алғысөз**..... 16

**Шығыс елдерінің тарихы мен мәдениеті**

**Смағұлов Б.Қ.**

Қазақ халқының құрамындағы түркі және моңғол текті этникалық элементтер (XVIII – XX ғ. бас кезеңі)..... 21

**Шығыс елдері қарым-қатынастары**

**Мұқаметханұлы Н., Хамарова Ж.**

Қазақстан мен Қытай арасындағы басылымдар алмасудың дамуына талдау..... 33

**Кожирова С.Б., Нечаева Е.Л. Шукыжанова А.Н.**

Қазақстан-Қытай қатынастарындағы геоэкономикалық мүдделер..... 44

**Бердығұлова Г.Е., Ерболат Е.**

Орталық Азиядағы аймақтық ынтымақтастықпен жаһандану үдерісіндегі саяси және әлеуметтік экономикалық көзқарас..... 59

**Шығыс филологиясы**

**Силам Д.**

Ежелгі және қазіргі кездегі қытай реминисцентті поэзиясының эволюциясын зерттеу..... 68

**Дүйсенов Б.Д.**

Мәмлүк қытшақтары тіліндегі вокализмдер және қазіргі қазақ әліпбиіне транскрипциялау мәселелері..... 76

**Әмірбекова С.К.**

Араб және қазақ паремияларындағы «ата-ана мен бала» концептісі..... 86

## СОДЕРЖАНИЕ

<i>Предисловие</i> .....	16
--------------------------	----

### *История и культура Восточных стран*

**Смагулов Б.К.**

<i>Этнические элементы тюркского и монгольского происхождения в составе казахского народа (XVIII – начало XX в.)</i> .....	21
--	----

### *Страны Востока в международных отношениях*

**Мукаметханулы Н., Хамарова Ж.**

<i>Анализ развития обмена публикациями между Казахстаном и Китаем</i> .....	33
---	----

**Кожирова С.Б., Нечаева Е.Л. Шукыжанова А.Н.**

<i>Геоэкономические интересы в казахстанско-китайских отношениях</i> .....	44
--	----

**Бердыгулова Г.Е., Ерболат Е.**

<i>Политические и социально-экономические воззрения в процессе регионального сотрудничества и глобализации в Центральной Азии</i> .....	59
---	----

### *Восточная филология*

**Силам Д.**

<i>Исследование эволюции китайской реминисцентной поэзии в древности и современности</i> .....	68
--	----

**Дюсенов Б.Д.**

<i>Вокализмы на мамлюкско-кыпчакском языке и вопросы транскрипции в современный казахский алфавит</i> .....	76
---	----

**Амирбекова С.К.**

<i>Концепт «родители и дети» в арабских и казахских паремиях</i> .....	86
--	----

CONTENT

*Foreword*..... 16

*History and culture of the Eastern countries*

*Smagulov B.Q.*  
*Ethnic elements of Turkic and mongolian origin in the Kazakh people (XVIII – early XX century)*..... 21

*The countries of the East in international relations*

*Mukametkhanuly N., Khamarova Zh.*  
*Analysis of the development of publication exchange between Kazakhstan and China*..... 33

*Kozhirova S.B., Nechaeva E.L., Shukyzhanova A.N.*  
*Geo-economic interests in Kazakhstan-China relations*..... 44

*Berdygulova G.E., Erbolat E.*  
*Political and socio-economic views in the process of regional cooperation and globalization in Central Asia*..... 59

*Oriental Philology*

*Sylam D.*  
*Study on the evolution of Chinese reminiscence poetry in ancient and modern times*..... 68

*Dyussenov B.D.*  
*Vocalisms in the Mamluk Kipchak language and problems of transcription into the modern Kazakh alphabet*..... 76

*Amirbekova S.K.*  
*Concept of «parents and children» in Arabic and Kazakh paremiaes*..... 86

## АЛҒЫСӨЗ

Шығыстану (ориенталистика) – Азия және Солтүстік Африка елдерінің тарихын, экономикасын, тілдерін, этнографиясын, мәдениетін, дінін, философиясын, материалдық және рухани мәдениеттерінің ескерткіштерін кешенді түрде зерттейтін ғылым. Бұл оның негізгі анықтамасы. Дәл осы ғылымды атау үшін «ориенталистика» термині қолданылады, яғни шығыстану ғылымының екінші атауы бар, ол – ориенталистика.

Шығыстану ғылымы өз ішінде мынадай аймақтық салаларға бөлінеді: египтология, семитология, ассириология, арабистика, шумерология, урартология, кумранистика, малаистика, ирантану, түркітану, синология (қытайтану), моңғолтану, үндітану, жапонтану және т.б.

Шығыстану ғылымына Азия мен Солтүстік Африка елдерін іштей салаларға және аймақтарға бөліп қарастыру үрдісі тән. Ол үрдіс бойынша Шығыс елдерінің тарихын, экономикасын, әдебиетін және тілін зерттеуге мамандану, мысалы: шығыстанушы-тарихшы, шығыстанушы-лингвист т.б. Сонымен бірге, Азия мен Солтүстік Африка елдерінің дінін, философиясын, мәдениетін жеке салаларға жіктеп қарастыру. Мысалы, араб елдерінің қазіргі саяси проблемаларына сараптама жасау немесе Қытайдың Орта Азия елдерімен болған экономикалық қатынастарын зерттеу.

Бүгінде шығыстану ғылымының зерттеу аясы кеңейіп, негізгі мақсаты – Шығыстың және Орталық Азия елдерінің, оның ішінде, еліміздің осы уақытқа дейін бұрмаланған тарихын, рухани-мәдени қазынасын терең зерттеп, Шығыстың және Түркі әлемінің әлемдік өркениеттің дамуына қосқан үлесін баршаға нақтылап, анықтап беру болып табылады. Оған қоса, шығыстану ғылымының алдында әртүрлі өркениеттер арасындағы диалогты қалыпты арнаға түсіріп, қазіргі әлемдегі бірқатар маңызды тарихи-мәдени, рухани, саяси және ұлттық проблемалардың әділ шешімін табу міндеті тұр.

Біздің елімізде шығыстану ғылымы саласымен арнайы айналысатын Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі жанындағы Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты бар. Құрылғанына ширек ғасырдан асқан ғылыми орталық Азия мен Солтүстік Африка елдерін, Қазақстан мен Шығыс елдері қарым-қатынасының тарихи-мәдени, әлеуметтік-экономикалық, саяси, діни, сонымен қатар, өркениет және мәдениетаралық қырларына іргелі және қолданбалы негізде жүйелі зерттеулер жүргізіп келеді.

Институтта аталған сала мамандарының үлкен қосыны шоғырланған. Сонымен бірге, Институттың халықаралық байланыс ауқымы да өте кең. Институт ғалымдары әлемнің көптеген елдерінің іргелі ғылыми орталықтарымен, жетекші ғалымдарымен бірге қоян-қолтық жұмыс істеп келеді. Міне осы жағдайдың бәрі Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты алдына үлкен міндет қойып отыр. Ол міндет болса – Институттың өзінің жеке ғылыми басылымын (хабаршы) шығару.

Осыған байланысты Институт 2022 жылдан бастап «Қазақстанның шығыстану ғылымы» атты журнал шығаруды қолға алды. Журналда отандық және шетелдік белгілі шығыстанушы ғалымдардың, магистранттар мен докторанттардың шығыстану ғылымының өзекті мәселелеріне, Азия мен Солтүстік Африка елдерінің тарихы мен мәдениетіне, тілі мен әдебиетіне, экономикасы мен ішкі-сыртқы саясатына қатысты, сондай-ақ, Қазақстан мен Шығыс елдері арасындағы тарихи-мәдени, әлеуметтік-экономикалық, саяси, діни байланыстарын қарастырған еңбектері жарияланады.

Журналда жарияланған материалдар ғылыми қауым үшін ғана емес, жалпы оқырмандар үшін де қызықты әрі пайдалы болады деп үміттенеміз. Осы саладағы барлық мамандарды шығармашылық ынтымақтастыққа шақырамыз.



Сіздерден тың да сүбелі еңбектер күтеміз.

*Дукен Мәсімханұлы*

Бас редактор, Р.Б.Сүлейменов атындағы  
Шығыстану институтының бас директоры,  
филология ғылымдарының докторы, профессор.

## ПРЕДИСЛОВИЕ

Востоковедение (ориенталистика) – наука, комплексно исследующая историю, экономику, язык, этнографию, культуру, религию, философию, памятники материальной и духовной культуры стран Азии и Северной Африки. Это его основное определение. Для данной науки используется термин «ориенталистика», то есть, это второе название востоковедения.

Внутри востоковедение подразделяется на такие региональные области, как: египтология, семитология, ассириология, арабистика, шумерология, урартология, кумранистика, малаистика, иранистика, тюркология, синология (китаеведение), монголоведение, индология, японистика и т.п.

Востоковедению присущ процесс рассмотрения стран Азии и Северной Африки, изнутри разделив на отрасли и регионы. Исходя из этого, имеются специализации по исследованию истории, экономики, литературы и языка стран Востока, например: историк-востоковед, лингвист-востоковед и др. Наряду с этим, религия, философия, культура стран Азии и Северной Африки рассматриваются, классифицируясь по отдельным отраслям. К примеру, экспертиза по современным политическим проблемам арабских стран или исследование экономических отношений Китая со странами Центральной Азии.

Ныне, ареал исследований востоковедения расширился и основной его целью является углубленное исследование по сей день искаженной истории и духовно-культурных богатств стран Востока и Центральной Азии, в частности, нашей страны, конкретизация и определение вклада Востока и Тюркского мира в развитие мировой цивилизации. А также, перед востоковедением поставлена задача – уравновесить диалог между различными цивилизациями и найти справедливое решение для ряда важных историко-культурных, духовных, политических и национальных проблем современного мира.

В нашей стране есть Институт востоковедения им. Р.Б. Сулейменова при Министерстве Науки и высшего образования Республики Казахстан, непосредственно занимающийся наукой востоковедения. Научный центр с историей более, чем четверть века, проводит системные фундаментальные и прикладные исследования стран Азии и Северной Африки, историко-культурные, социально-экономические, политические, конфессиональные, а так же, цивилизационные и межкультурные аспекты взаимоотношений Казахстана и стран Востока.

В Институте сконцентрирована большая армия востоковедов. Также, масштаб международных связей Института очень широк. Ученые Института тесно работают с крупными научными центрами и ведущими учеными многих стран мира. И все это возлагает на Институт востоковедения им. Р.Б. Сулейменова большую задачу – выпуск собственного научного издания (вестник) Института.

В связи с этим, с 2022 года, Институт приступил к изданию журнала «Казахстанское востоковедение». В журнале будут опубликованы работы отечественных и зарубежных известных ученых, магистрантов и докторантов, посвященные актуальным вопросам востоковедения, в которых рассматриваются история и культура, язык и литература, экономика, внешняя и внутренняя политика стран Азии и Северной Африки, а также, историко-культурные, социально-экономические, политические, религиозные связи между Казахстаном и странами Востока.

Надеемся, что материалы, опубликованные в журнале, будут полезны и интересны не только научному сообществу, но и широкому кругу читателей. Всех специалистов по данной отрасли приглашаем к творческому сотрудничеству.

Ждем от вас оригинальных и интересных работ.

*Дукен Масимханулы*  
Главный редактор, генеральный директор  
Института востоковедения им. Р.Б. Сулейменова,  
доктор филологических наук, профессор.

## FOREWORD

Oriental Studies (Orientalism) is the science comprehensively exploring the history, economy, language, ethnography, culture, religion, philosophy, monuments of the material and spiritual culture of Asia and North Africa. This is the principal definition of it. The term "Orientalism" is used for this science, i.e. it is the second name of oriental studies.

Inside Oriental Studies is subdivided into regional fields such as: Egyptology, Semitology, Assyriology, Arab Studies, Sumerology, Urartology, Qomran Studies, Malay Studies, Iranian Studies, Turkology, Sinology, Mongolian Studies, Indology, Japanese Studies, etc..

Oriental Studies is inherent in the process of looking at the countries of Asia and North Africa by dividing them into branches and regions from inside. Based on this, there are specialisations for the study of the history, economy, literature and language of Eastern countries, for example: orientalist historian, orientalist linguist, etc. At the same time, religion, philosophy and culture of Asian and North African countries are also examined, being classified into separate branches. For example, expertise on contemporary political issues in Arab countries or research on China's economic relations with Central Asian countries.

Today, the area of Oriental studies has expanded and the main objective is to study the distorted history and spiritual and cultural wealth of the Eastern and Central Asian countries, in particular our country, to specify and define the contribution of the East and the Turkic world in the development of the world civilization. In addition, the Oriental studies have the task of counterbalancing the dialogue between different civilizations and finding equitable solutions for a number of important historical, cultural, spiritual, political and national problems of the modern world.

In our country, there is the R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies under the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan is directly engaged in the science of Oriental Studies. The scientific centre with a history of more than a quarter of a century, conducts systematic fundamental and applied research into the countries of Asia and North Africa, historical, cultural, socio-economic, political, confessional, as well as civilizational and intercultural aspects of relations between Kazakhstan and the countries of the East.

The Institute is host a large army of Orientalists. Also, there is a very large scale of international ties of the Institute. The researchers of the Institute work closely with major research centres and leading scientists in many countries of the world. And all this puts on R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies a big task - to publish its own scientific publication (bulletin) of the Institute.

In this regard, since 2022, the Institute has started to publish the journal "Oriental Science of Kazakhstan". The journal will publish the works of domestic and foreign renowned scientists, undergraduates and doctoral students on current issues of Oriental Studies, which address the history and culture, language and literature, economy, foreign and domestic politics of Asia and North Africa, as well as, historical, cultural, socio-economic, political, religious relations between Kazakhstan and the countries of the East.

We hope that the materials published in the journal will be useful and interesting not only to the scientific community, but also to a wide range of readers. We invite all specialists in this field to creative cooperation.

We are looking forward to original and significant works from you.

*Duken Massimkhanuly*  
Chief Editor, Director General  
R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies,  
Doctor of Philological Sciences, Professor.

Смағұлов Б.Қ. 

*Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан*  
*E-mail: bolat\_alemdar@mail.ru*

## ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҚҰРАМЫНДАҒЫ ТҮРКІ ЖӘНЕ МОҢҒОЛ ТЕКТІ ЭТНИКАЛЫҚ ЭЛЕМЕНТТЕР (XVIII – XX Ғ. БАС КЕЗЕҢІ)

**Аңдатпа.** Мақала Жаңа заманда қазақ халқының құрамына енген түркі және моңғол текті этникалық элементтерді зерттеуге арналған. Белгіленген хронологиялық кезеңде қазақтардың құрамына қырғыздар, башқұрттар, татарлар, қарақалпақтар, қалмақтар сынды және басқа халықтардың жекелеген топтары мен өкілдері қосылды, олардың «ізі» қазақтардың рулық құрамында көрініс табады. Қолда бар жазба және мұрағаттық дереккөздерді талдау негізінде автор бұл этникалық элементтердің қазақ халқына қосылуы XX ғасырдың басында толық аяқталды, ал кейбір жағдайларда (мәселен, сарттарды айтсақ) XX ғ. 20 жылдардың ортасына дейін созылды деген байламға келді. Сонымен бірге түркі этникалық элементтерінің қазақтардың құрамына осылайша тез интеграциялануының факторлары ретінде түркі халықтарының тілдік, діни және мәдени жақындығын, ал қалмақтар туралы айтатын болсақ, Еуразияның далалық аймақ жағдайындағы ұқсас өмір салтын айтуға болады. Мақаланың мақсаты Жаңа заманда қазақ халқының құрамына енген түркі және моңғол текті этникалық элементтерді зерттеу болып табылады. Зерттеудің жаңалығы, бағыттары және идеялары – белгіленген хронологиялық кезеңде қазақтардың құрамына қырғыздар, башқұрттар, татарлар, қарақалпақтар, қалмақтар сынды және басқа халықтардың жекелеген топтары мен өкілдері қосылды, олардың «ізі» қазақтардың рулық құрамында көрініс табады. Қолда бар жазба және мұрағаттық дереккөздерді талдау негізінде автор бұл этникалық элементтердің қазақ халқына қосылуы XX ғасырдың басында толық аяқталды, ал кейбір жағдайларда (мәселен, сарттарды айтсақ) XX ғ. 20 жылдардың ортасына дейін созылды деген байламға келді. Мақалада талдау мен синтез әдістері, сондай-ақ этнографиялық әдістер қолданылды.

**Алғыс:** Мақала BR20281006 «Шығыс елдері: заманауи және өлшем тұрғысынан Қазақстан үшін геосаяси сын-қатерлер және жаңа перспективалар» ғылыми жобасын орындау аясында жазылған.

**Түйін сөздер:** қазақтардың этникалық тарихы, этникалық құрам, қырғыздар, шалақазақтар, сарттар, қалмақтар, төлеңгіттер.

### Кіріспе

Қазіргі таңда әртүрлі халықтардың этникалық тарихына қатысты проблемалар тарих ғылымы мен этнологияның ең маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Тілдік, мәдени және тарихи тұрғыдан қарағанда біртұтас этнос болып табылатын қазақ халқы күрделі этникалық құрамға ие. Сондықтан қазақтардың құрамындағы этникалық, этнографиялық, этнотілдік және т.б. топтарды зерттеу халықтың этногенезі мен этникалық тарихына байланысты даулы мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Алайда көптеген тарихшылар мен этнологтар Жаңа заман кезеңінде қазақтардың құрамындағы әртүрлі этникалық, этнотілдік және т.б. элементтерге қатысты мәселені қозғағанда, жалпылама сипаттамасын жасап, сонымен шектелетін.

Осы мақаланың мақсаты XVIII – XX ғ. бас кезеңінде қазақ халқының құрамындағы түркі және моңғол текті этникалық топтардың қалыптасуы мен орналасуына қатысты мәселесін зерттеу болып табылады.

### **Зерттеу материалдары мен әдістері**

Материал жинап мәліметтерге ғылыми интерпретация жасағанда талдау және синтез сынды ғылыми әдістерден басқа, халықтардың этникалық құрамын зерттеуді көздейтін этнографиялық зерттеу әдісі қолданылды. Осы ретте XIX ғ. аяғынан бастап мақсаты Қазақстанды жан-жақтан зерттеуге арналған арнайы экспедициялардың ұйымдастырылғанын айта кету керек. Жасалған жұмыстардың нәтижесінде жарық көрген «Материалы по киргизскому землепользованию» («Қазақтың жер пайдалануына қатысты деректер») көп томдық басылымында қазақ халқының рулық құрамына қатысты мәліметтер де жиналды. Атап айтқанда, рулық құрамда қазақ халқының этногенезі мен этникалық тарихына тегі әртүрлі этностардың қатысқаны көрініс табады. Осылайша рулық құрамды зерттеу арқылы нақты қай этникалық элементтердің қатысқанын көруге болады.

### **Тақырыптың зерттелу дәрежесі**

Осы проблеманың тарихнамалық аспектілері бұрын шыққан еңбектерімізде егжей-тегжейлі талданған [1; 2, с. 147–149]. Сондықтан біз ұсынып отырған мақалада бұл мәселенің тарихнамасын қысқаша сипаттаумен ғана шектелуді жөн көрдік. Жалпы алғанда, Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде көбінесе орыс авторлары, сондай-ақ қазіргі таңда отандық және шетелдік тарихшылар осы тақырыптың жекелеген қырларына көңіл аударса да, көптеген мәселелер зерттелмей қалды.

### **Талқылау**

Белгіленген кезеңде қазақ халқының құрамына көршілес түркі және түркі емес халқының жекелеген топтары мен өкілдерінің кіргені байқалады.

*Қырғыз руы.* Қырғыз этникалық элементі қазақ халқының этникалық тарихында елеулі орын алады. Қырғыз руының әрқилы тармағына жататын қазақтар Қазақстанның ұлан-ғайыр аумағында, яғни батыстағы Ырғыз өзенінен шығыстағы Зайсан көліне дейін; солтүстіктегі Бурабай көлінен оңтүстіктегі Шымкентке дейін қоныстанған. Қазақтар құрамындағы қырғыздар біртұтас рулық топ түзбейді, олардың бірқатар шағындау рулық бөлімшелерден тұратынын айта кету жөн. Біздің ойымызша, бұл қырғыздардың Қазақстан аумағында ұзақ уақыттан бері тұрып келе жатқанын айғақтайды. Қырғыз текті қазақтардың бір бөлігі Қазақстанның солтүстік бөлігінде кемі XVIII ғасырдан бері тұрып жатыр. Қазақтардың бұл бөлігінің қалыптасуы Абылай ханның Қазақстанның оңтүстік бөлігінде Түркістан қаласы аумағындағы қырғыздарға қарсы сәтті жорығымен байланыстырылады. Атап айтқанда, осы соғыстан кейін Көкшетауға барлық тау қырғыздарының өкілдері келіп, бейбіт өмір сұрады; қантөгістің алдын алу үшін аманаттар қалдырылды: бұғы руынан шыққан Есенғұл – өз ұлы Найманды, ары руынан – Жанбаланы, сондай-ақ асық руынан аманат ретінде бір жігітті қалдырды. Кейбір мәліметтер бойынша, аманаттар саны шамамен 40 отбасы болды. Абылай хан оларды өзінің Көкшетау маңындағы жерлеріне орналастырды [3, 254-б.].

XIX ғ. 30 жылдары байқырғыз руының қазақтары Қазақстанның солтүстік бөлігінде Көкшетау округі аумағында өмір сүрді. Ақмола облысының Мемлекеттік архивіндегі бір құжатта осындай ақпарат бар: Көкшетау округтік приказына, Қарауыл болысының сұлтанына бірнеше болысты Көкшетау округі құрамына қосу туралы 1837 жылдың 16 шілдесінде берілген өтініш бар; осы өтініште кейбір болыстардың, атап айтқанда, Байқырғыз болысы адамдарының аты айтылады. Өтініште байқырғыз руы отбасыларының басшылары туралы мәліметтер де бар [4, 11–12-п.]. XIX ғасырдың екінші жартысында Көкшетау

округінде қазақтар арасына қырғыздардың 350 отбасы қоныстанды [3, 253-б.]. Қырғыз этникалық элементінің қазақ халқы құрамына кіруі ХІХ ғасырдың екінші жартысында да іске асты. Сол кезде бұғы руына жататын қырғыздардың бір бөлігі қырғыздың тағы бір сарыбағыш руымен қақтығыс салдарынан Жетісудағы Жаркент уезіне қоныс аударып, кейін қазақ халқының құрамына енді [5, с. 15, 16, 17, 18].

XX ғасырдың басына қарай қырғыз руына жататын қазақтар Қазақстанның бірқатар оңтүстік-шығыс аудандарында өмір сүрген. Мысалы, 1911 жылғы деректер бойынша Жетісу облысының Лепсі уезінде қырғыз руының үш шаруашылығы болды. Бұл үш шаруашылық Аягөз болысында орналасып, 7-әкімшілік ауылына тиесілі болған. Қазақтардың осы руының қыстауы Бұрғон шатқалында орналасқан [5, с. 70]. Қырғыз руының қазақтары Қазақстанның оңтүстік-шығыс бөлігіндегі қауымдардың құрамында да кездесетін: «Жалпы алғанда, бес рулық топ бар, яғни сүйіндік, ақымбек, көшек, әуез және қырғыз. Қырғыз тобы көшектердің қызына үйленіп, осы ру арасында тұрып қалған қара қырғыз Төлендіден тарайды. Қыстаулары Жиренайғыр және Қастек шатқалдарында орналасқан. Қауымның егістік жерлері алты арықпен – Байшымыр, Шынасыл, Барамбай, Қасқарау, Тамабай және Қаратоған арықтарымен суарылады» [5, 111 б.].

Қырғыздардың қазақ жеріне қоныс аударуы ондаған жылдар бойы лек-лекпен жалғасып тұрды, сондай көштің соңғысы (Жетісуда) ХІХ ғасырдың екінші жартысында орын алды. Этникалық туыс ортада болуы қырғыздардың қазақ этносына жылдам ассимиляциялануына жол ашты және, олардың Қазақстан аумағы бойынша кең аумақта таралуына қарамастан, революцияға дейінгі және кейініректегі орыс дереккөздерінде қазақтар құрамындағы қырғыз элементінің қандай да бір ерекше тілдік немесе этнографиялық өзгешелігі айтылмайды.

*Қарақалпақ руы.* Қарақалпақтар ХVІІ ғасырда Сырдарияның төменгі ағысын жайлады [6, 15 б.]. Екі туыстас елдің өзара әрекеттестігі процесінде қарақалпақтардың біраз тобы қазақтар құрамына кірді. Қарақалпақтардың бір бөлігінің қазақ этносы құрамына интеграциялануы қазақтардың ауыл шаруашылығындағы, атап айтқанда, бағбаншылығындағы бірқатар бағыттың дамуына және күрделене түсуіне жол ашты. Мысалы, Ресей билігінің өкілдері жазбаларының бірінде осындай ақпарат келтіріледі: «Қазақтар арасындағы бағбаншылық соңғы үш жылда ерекше дами бастады. Қазақтар сыйлық ретінде ең жақсы жерлерді алған екі қарақалпақ бағбанның тәжірибесін пайдалана отырып, олардың таңдауымен... пияз, сәбіз, шалқан, шомыр және тіпті бекініс базарынан сатып алған қызылшаны да екті» [7, 317 б.].

Қазіргі Қазақстан аумағындағы қарақалпақтар туралы деректер ХІХ ғ. 70 жылдарына жатады. Мысалы, Дала өлкесінің батыс бөлігіндегі қазақтар мен Жайық казактарының арасында нақты шекара (оның ішінде алқаптар шекарасын да) орнату туралы сөз қозғалған 1870 жылғы бір құжатта былай айтылған: «Өзен учаскесінде қарақалпақтар да (ер жынысты 107 адам) жартылай көш жағдайында тұр», олар «өмір салты бойынша отырықшылыққа қарағанда көшпелілікке жақын және оның үстіне қазақтарға таяу орналасқан» [8, 20-21-б.]. ХІХ ғасырдың аяғы – ХХ ғасырдың басында қарақалпақ руының қазақтары Семей облысының Зайсан уезі аумағында (Шығыс Қазақстан) өмір сүрді [9, 146 б.]. 41 шаруашылықтан тұратын қарақалпақ руы қазақтарының бір бөлігі Қазақ өлкесінің солтүстік бөлігіне, атап айтқанда, Көкшетау өңіріне қоныстанған [10, 50-52 б.]. Сонымен қатар, осы рудың қазақтары Қазақстанның оңтүстік-шығыс бөлігінде, соның ішінде Жетісу облысының Қапал уезінде де тұрды [11, 62 б.].

*Төлеңгіттер.* Төлеңгіттер туралы айтатын болсақ, олардың этникалық құрамы күрделі болды және тегі әрқилы адамдардан тұрды. Атап айтқанда, олардың қатарында «ата-бабалары тұтқындалған қарақалпақтар, бұхаралықтар, ташкенттіктер және қалмақтар» бар еді, сонымен қатар башқұрттар да осы санатқа кірді [12, 29 б.; 13, 80, 96 б.]. Осы топтың

Қазақстан аумағына қоныстануына келсек, төлеңгіттердің қазақ жерінде белгілі бір жерде қауымдасып өмір сүрмегені байқалады: олар қазақ даласының оңтүстік-шығысына (Ұлы жүз), батысына (Кіші жүз, Бөкей ордасы), орталығына (Қарқаралы уезі) бытырай қоныстанды [14, 34-36 б.]. Дәлірек айтқанда, XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың бас кезеңінде төлеңгіттердің қыстақтары (төреледікімен бірге) бүкіл Солтүстік Қазақстанда (Ақмола облысының Петропавл және Ақмола уездері) шашырай орналасқан [15, 94, 95, 110, 111 б.]. Мысалы, қазіргі Астана аумағында төрелер мен төлеңгіттердің 500-ден астам шаруашылығы болды [16, 98-99, 182-183, 190-191, 194-196 б.]. Төлеңгіттердің бір бөлігі Қазақстанның оңтүстік аудандарына қоныстанды [6, 44-45, 86-87, 92-93 б.]. XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басында төлеңгіттер төрелермен бірге Қазақ өлкесінің оңтүстік-шығысында (Жетісу), дәлірек айтқанда Қапал уезінде, ал төлеңгіттердің Жаркент және Лепсі уездерінде болғаны байқалады [17, 118, 129, 130, 132, 133 б.].

*Сарттар* қазақ халқының құрамындағы мейлінше жиі айтылатын этникалық элемент болып табылады. Оларды XIX ғ. 20 жылдарының аяғында-ақ ортаазиялық тумалар ретінде сипаттайтын. Орыс авторларының бірі атап өткендей, «олар (сарттар. – *авт.*) көп, өйткені кез келген болыста бар» [18, 163 б.].

XIX ғасырдың ортасында сарттар («жүз шақты және одан да көп түтін») Аягөз маңындағы тауларға жақын қоныстанған тұрғындар тобы ретінде аталады. Сарттар осы аумақта шамамен XVIII ғ. аяғынан бастап өмір сүрді. Ш.Ш. Уәлиханов жазғандай, «Семей арқылы азиялық тауарларды сатып жүргенде... олардың өз аттары мен түйелері болуға тиіс еді – оларды бағуы керек, сонымен қатар сарттар қымыз ішуді де жақсы көрді, сондықтан қазақтардан жалға жер алып, бірнеше отбасы болып киіз үйге қоныстанды. Барша Азияға тән көшпелі, еркін өмір оларға ұнады, сөйтіп, аз уақытта олар кірмелермен бірге 150 түтінге дейін көбейді» [19, 306 б.]. Біздің ойымызша, сарттардың басым көпшілігі XX ғ. басына қарай қазақтар тарапынан этникалық ассимиляцияға түскен сияқты. Мысалы, I Дүниежүзілік соғыс қарсаңында сарт руына жататын қазақтар Қазақстанның оңтүстік-шығысында өмір сүрді (Жетісу облысының Қапал уезінде) [13, 10 б.; 20, 112 б.]. Осы рудың (сарт, ережен сарт, андауыл сарт) бірнеше ауылы (40 шақты шаруашылық) Ақмола облысының Көкшетау уезінде және Семей облысының Павлодар және Зайсан уездерінде есепте тұрды [9, 122, 123, 126, 127, 354, 355 б.; 20, 198, 199 б.; 21, 20-22 б.]. Сарттар туралы соңғы жазбалардың бірі XX ғ. 20 жылдарында жасалған. Мысалы, 1926 жылғы жағдай бойынша, Ақмола облысының Ақмола уезі құрамына кірген болыстардың арасында Сарт болысы аталады [22, 1-п.].

1916 жылғы мәліметтер бойынша, сарттардың бір бөлігі Қазақстанның оңтүстік-шығыс аудандарында да тіркелді. Мысалы, Жетісу облыстық басқармасының деректеріне қарағанда, Жетісудағы сарттардың ер адамдарының жалпы саны 2,5 мың болған. Бірақ бұл кезеңде осы өңірдегі сарттардың этникалық ассимиляциясы («қазақылануы») толық аяқталмаған. Соған қоса, аталған құжатта сарттар қазақтардан бөлек көрсетіледі. Алайда олар сол кездің өзінде-ақ дәстүрлі қазақ есімдерін иеленді (Мысалы, Қайыңбай Нарынбаев) [23, 340, 341, 355, 356 б.]. Жетісу аумағында сарттар советтік биліктің бастапқы кезеңінде-ақ ассимиляцияланған сияқты.

*Шала қазақтар.* «Қазақтардың татарлармен және сарттармен шатысы» ретінде сипатталған шала қазақтардың қоныстары XX ғасырдың басында, негізінен, Қазақстанның шығыс және оңтүстік-шығыс өңірлерінде орналасты [24, 7 б.]. Дала өлкесінің шығыс бөлігінде шала қазақтардың шоғырлану орталығы Аягөз, сондай-ақ Бөкен (орыс деректерінде – Буконь), Ахмир (Ахмирово), Мешіт (Мечеть) және Бектемір (Бектемир) қоныстары болды. XIX ғ. басында Семей облысының Өскемен уезінде шала қазақтардың Мешіт деген ескі ауылында (Ертістің Бөкенмен қосылатын жері) саудагер сарттар тұрды. Одан кейін сарттар кетті және XIX ғасырдың 30-жылдарынан бастап осы жерді, негізінен, шала қазақтар мекендей бастады. Сәл кейінірек шала қазақтардың Бөкен және Бектемір деп



аталатын басқа да қоныстары пайда болды. XX ғасырдың басында казак жерінде орналасқан Ахмир қыстағына шамамен 100 жыл болған. Әу бастан-ақ мұнда Орта Азиядан шыққан әралуан жұрт – бұхаралықтар, сарттар және т.б., сондай-ақ Орта және Ұлы жүздің түрлі руларының қазақтары өмір сүрді [24, 7-8 б.]. Шала қазақтар қыстақтардағы түзу көшелерде шикі кірпіштен және ағаштан салынған үйлерде тұрды, өздеріне мешіт және мектеп тұрғызып алды [12, 51–52 б.].

Шала қазақтар Шығыс Қазақстанның кейбір ауылдарын, атап айтқанда, Семей облысы Зайсан уезінің Кендірлі, Нарын және Көкпекті болыстарындағы ауылдарды мекен етті [9, 94-95, 250-251, 366-367]. Мысалы, Көкпекті болысының 8-әкімшілік ауылында рубасы Сейіт болды. Осы ауылдың қазақтары өздерінің шала қазақ екенін, түбі қашқын татарлардан тарайтынын айтқан. Кейбір деректерде шала қазақтардың шаруашылық жүргізу ерекшеліктері туралы біраз мәлімет кездеседі: «Ауылдардың, сондай-ақ көршілес топтардың да арасындағы барлық шекара қар түскеннен наурызға дейін сақталады. Шабындық ауылдар арасында ғана оқшауландырылған, әр ауылдың қожайыны шөпті бірігіп жинайды. Өздерінің егістік жері жоқ. Бұрын өз егістіктері (Лепсі уезі аумағында) болған, бірақ оларды Ұржар станицасының казактарына бөліп тастаған. Егістіктерді казактардан жалға алады...» [9, 148-149 б.].

Қолда бар деректер бойынша, «Семей облысында шала қазақтар сарттар болып саналды, бірақ көбінесе қазақша сөйледі және өз шаруашылығы мен туыстығы жағынан қазақтармен ортақ нәрсесі көп болды. Жетісулық жергілікті қазақтар алғаш көргенде-ақ келімсектерді Верный қаласында тұратын саудагер сарттардан, жалпы верныйлық қазақтарға өлкедегі таяудағы сарт үстемдігі арқылы таныс сарттардан ажырата білді және: «Жоқ, сендер сарт емессіңдер, шала қазақсыңдар», – дейтін. Шала қазақтармен жақынырақ таныса келе, зерттеуші олардың өмірінің қазақтық сипаты басым екенін біледі. Шалақазақтар – ірі мал өсірушілер, жер өңдеумен ынта-ықыласымен айналысады. Шала қазақтардың өмір салты әдетте өзінің сауда-саттықтағы қызметінің тар шеңберінен шықпайтын және өзінің отбасылық өмірімен ғана шектелген сарттардан өзгеше келеді» [11, 36-37 б.].

Шала қазақтар Шығыс Қазақстаннан басқа, XX ғасырдың басында Қазақстанның оңтүстік-шығыс бөлігінде Верный (Алматы) қаласы маңында қоныстанды. Атап айтқанда, әңгіме екі қоныс – Байсерке (Байсерке) мен Зәкір (Закировское) туралы. Байсеркеге қатыстысы, XX ғасырдың басындағы сипаттама бойынша, бұл қоныс Қазақстанның оңтүстік-шығыс бөлігіндегі басқа қазақ ауылдарынан өзгеше болды: «Байсерке қонысының көрінісі қазақтардікіне ұқсамайды... Қоршаулар мен бақшалар біздің кәдімгі қазақ қыстауына емес, жаңа құбылысқа куә болып тұрғанымызды айғақтайды. Ол әдеттегі қазақ шаруашылығынан айтарлықтай ерекшеленеді» [11, 36 б.].

Байсерке қонысының іргесін шамамен 1860 жылдардың басында Семей облысынан (Әлжан-Арқат шатқалынан) көшіп келгендер қалады. Бастапқы кезде Верный қаласы маңына 233 отбасы қоныстанды [11, 36 б.]. Бұл мекен Верныйдан 18 шақырым жердегі жазық атырапта Байсерке-Қарасу өзенінде орналасты. 1900 жылдардың басына қарай Байсеркеде 125 шаруашылық болды, оның алтауы бөтен, яғни басқа болыстардың қазақтары еді [11, 39 б.]. Зәкір қонысының пайда болуына қатысты мынадай мәліметтер бар. Шығыс Талғар болысының 11-ауылында есепте болған шала қазақтардың басым бөлігі Верный қаласында тұрды. Мұнда олар, негізінен, саудамен айналысты. Байсерке қонысының пайда болу үлгісі, сондай-ақ Жетісудағы жер бағасының тез өсуі шала қазақтарды жерге орналасу туралы мәселе көтеруге итермеледі. 1904 жылы облыстық басқарма Шығыс Талғар болысының 103 отбасына болыстан бөлінген учаскеге құрылыс салуға рұқсат берді [11, 43-44 б.].

Сарттармен салыстырғанда, шала қазақтардың мәдениеті мен шаруашылығында мынадай ерекшеліктер байқалды: «...сарттардың отбасылық өмірі әйелдерді толықтай күн етумен ерекшеленеді, олардың саңылаусыз қап-қара жамылғысы құдды басымен тұтасып

кеткендей көрінеді», ал «шала қазақтар еркін өмір сүреді. Олардың үйі қалалық көрнекті татар ғимараттары үлгісінде салынады. Шала қазақтар татарлармен және қазақтармен туыс болуға ықыласты» [25, 37 б.]. Сондай-ақ сарттар мен шала қазақтарға ортақ нәрселер де ұшырасты: «Сонымен бірге сарттардың басты қасиеті – саудаға құштарлығы шала қазақтарға ауысты және олар өздері туралы: «Біздің тұрмысымыз бен тіліміз – қазақ тілі, бірақ көп әдетіміз сарттардікіне ұқсайды, сауда істеуді ұнатамыз т.б.», – дейді» [11, 37 б.].

«Мұсылмандар». Бұл рудың қазақтары ХХ ғасырдың басында Сырдария облысы Шымкент уезі Қарамұрт болысының 2-әкімшілік ауылын қоныстанды. «Мұсылмандардың» қыстаулары Қызыл су және Машат өзен шатқалдарында болды [26, 62 б.]. Олардың этникалық сипаты анық емес, бірақ олар сарт және өзбек халқының бір бөлігі сияқты, өйткені олардың қоныстары осы халықтар тобының ХХ ғасырдың басында Қазақстанның оңтүстік бөлігіне қоныстануына сәйкес келеді.

*Қалмақтар* қазақ халқының құрамындағы түркі халықтарына жатпайтын ең ірі этникалық элемент деп айтуға болады. Тегі қалмақ қазақ рулары ХХ ғасырдың басында Қазақстанның оңтүстік-шығыс бөлігіндегі Шу өзенінен бастап Шығыс Қазақстанның Зайсан көліне дейін шашырай орналасқан. Сонымен қатар, қалмақтардың ұрпағы болып саналатын біраз қазақ ХХ ғ. бас кезеңінде Ақмола облысының Омбы уезінде де, атап айтқанда, Қорған болысындағы бір ауылда өмір сүрген (ақсақалы Жарасбай Таңбай). Сол кездегі жазба деректе олар тікелей «қазақылған (қазақтар тарапынан ассимиляцияға ұшыраған) нағыз қалмақтардың ұрпақтары» деп сипатталды [27, 8 б.].

